

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 3 қазандағы № 233 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 9 қарашадағы № 259 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 қарашада № 5400 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қаңтардағы № 31 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 28.01.2019 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы №256 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 тамызда №17306 болып тіркелді) бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 3 қазандағы №233 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5354 тіркелген, 2018 жылғы 22 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, аудандар мен Орал қаласының әкімдері осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Б.А.Есенғалиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары И.В.Стексовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімінің
міндетін атқарушы*

И.Стексов

2018 жылғы 9 қарашадағы
№ 259

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысына қосымша
2018 жылғы 3 қазандағы № 233
Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысымен
бекітілген

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшембірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге	Етті мал шаруашылығы
1.	Асыл тұқымды және селекциялық жұмыс жүргізу					
1.1	Тауарлы аналық бас					
1)	базалық норматив	бас	10 000	116 681	1 166 810	
	қосымша норматив:					
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	8 000	62 036	496 288	
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	6 000	21 209	127 254	
1.2	Асыл тұқымды аналық бас					
1)	базалық норматив	бас	10 000	16 947	169 470	
	қосымша норматив:					
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000	12 063	241 260	
	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000	378	5 670	

2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	150 000	4 550	682 500
Барлық сомасы					2 889 252
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Асыл тұқымды аналық бас				
1)	базалық норматив	бас	10 000	1 027	10 270
2)	қосымша норматив:				
	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000	277	5 540
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000	273	4 095
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу				
1)	отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	170 000	44	7 440
3.	Сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату:				
1)	бағымдағы мал басы 400 бастан басталатын шаруашылық	кг	25	1 092 080	27 302
2)	бағымдағы мал басы 50 бастан басталатын шаруашылық	кг	15	1 004 400	15 066
3)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	кг	10	266 200	2 662
Барлық сомасы					72 375
Мал шаруашылығы					
1.	100 бастан бастап тірі салмақтағы бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату				
1)	400-ден 450 килограмға дейін	бас	45 000	2 401	108 045
2)	451-ден 500 килограмға дейін	бас	60 000	512	30 720
3)	501-ден 550 килограмға дейін	бас	65 000	146	9 490
4)	551-ден 600 килограмға дейін және одан жоғары	бас	75 000	47	3 525
2.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	бас	20 000	358	7 160
3.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сондай-ақ, қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарында ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	5 146	6 959	35 811
4.	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу	бас	100 000	312	31 200
Барлық сомасы					225 951
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					

1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату:				
1)	50 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,2	77 585 859	170 689
Барлық сомасы					170 689
Қой шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1)	тауарлы қойлардың аналық басы	бас	1 500	2 456	3 684
2.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу:				
1)	тұсақтар	бас	8 000	594	4 751
2)	тұқымдық қошқарлар	бас	20 000	1 462	28 502
3.	Қозы етін өндіру құнын арзандату	бас	1 500	5 342	8 013
Барлық сомасы					44 950
Жылқы шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100 000	100	10 000
2.	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу	бас	40 000	118	4 720
Барлық сомасы					14 720
Барлығы					3 417 937

Ескерту: аббревиатураның толық жазылуы:

кг – килограмм;

млн – миллион.